

Саналы ұрпақ ұйымының жылдық жұмысы

1) «Менің университетім» атты түрлі бағыттағы ұйымдар арасында байқау ұйымдастырылды.

2020 жылғы 30 қараша күні Халықаралық гуманитарлық-техникалық университеті студенттік ректоры Хажиман Талшынның ұйымдастыруымен белсенді студенттерінің қатысуымен карантиндік талаптарды сақтай отырып, «Менің университетім» атты түрлі бағыттағы ұйымдар арасында байқау болып өтті. Сонымен қатар ZOOM форматында онлайн көрсетілім болды. Байқауға «Жас Отан», «Саналы ұрпақ», «Шаңырақ» және «Коворкинг» ұйымдары қатысты.

Байқау 4 бөлімнен тұрды:




- «Таныстыру»
- «Үздік әнұран мәтіні»
- «ХГТУ-да түсірілген үздік сурет – видео»
- «ХГТУ логотипінің интерпретациясы»

Сайысқа әділ төрелігін білдіру үшін әділ қазы алқасы сайланды. Әділ қазы алқасының құрамы:

1. Қабылдау комиссиясының PR менеджері – Шойгараева Нагима Оразымбетовна
2. Жастар комитетінің төрағасы – Ахан Дидар Елубайұлы
3. Мәдени және мерекелік іс-шараларды ұйымдастырушы – Датқабай Назерке
4. Студенттік тәрбие проректоры- Тынысбек Мади Ақанұлы


Әр сайыс бойынша тиянақты дайындалып келген ұйым басшылары өздерін жан-жақты көрсете білді.

Ұйымдардың жұмыстарына баға берген қазылар алқасының шешімімен жүлделі ІІІ орынды 1 курс студенті басшылығындағы «Саналы ұрпақ» ұйымы иемденсе, ІІ орынға 2019 жылы ғана ашылған «Коворкинг» ұйымы табан тіреді. Жүлделі орындардың көшін яғни І орынды мәдени шараларды ұйымдастырушы «Шаңырақ» ұйымы, ал бас жүлдені «Жас Отан» ұйымы жеңіп алды.









2) «Елбасы – ел тірегі» атты ақпараттық – танымдық іс-шарасы ұйымдастырылды.

2020 жылы 30 қарашада Тұңғыш президент күніне орай жастар комитетінің төрағасы Ахан Дидар Елубайұлы, университет белсенділері кітапхана ұжымымен бірігіп «Елбасы – ел тірегі» атты ақпараттық-танымдық іс-шарасын ұйымдастырды. Шара барысында елбасы Н.Ә.Назарбаевқа арналған кітаптар көрмесі таныстырылып, өмірі мен ел басқару ісіндегі бірқатар жұмыстары баяндалды. Жастар елбасы жазған және тұңғыш президент жайында жазылған мақалалармен танысты.

Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті күні - 1 желтоқсанда жыл сайын аталып өтетін Қазақстандағы мемлекеттік мейрам. 2011жылғы 10 желтоқсанда парламент сенатының толық отырысында «Қазақстан Республикасының мерекелері туралы» заңына толықтырулар енгізу туралы заңнамасына қол қойылды. Қазақстан Республикасының алғашқы президент күнін атап өту Қазақстан Республикасының президенті — Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың мемлекет алдындағы дүр жетістіктерін тану мақсатымен ұйымдастырылған.

Бұл мейрамның аталуының негізі және алғышарты болып 1 желтоқсан күні болған президент сайлауы болды. Алғашқы бүкілхалықтық сайлау нәтижесінде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев алғашқы президент атанды. Ол жылы Н.Назарбаев 88,2% дауыс берушілердің 98,7% дауысына ие болған еді.









3) «Кітап FEST» фестивалі ұйымдастырылды.

2020 жылғы 30 қараша – 5 желтоқсан күндері Шымкент қаласы ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасының «Рухани жаңғыру» бөлімінің ұйымдастыруымен «Кітап FEST» фестивалі өтуде.

Аталған іс-шараға Халықаралық гуманитарлық-техникалық университетінің белсенді студенттері 2020 жылғы 3 желтоқсан күні қатысып қайтты. Фестивальдің негізгі мақсаты – мәдени құндылықтарды дамыту, жастардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру.

Шымкентте алғаш рет «Кітап FEST» ауқымды кітап фестивалі өтуде. Оған оннан астам баспалар, кітап дүкендері, журналдар мен кітапханалар жиналды. Олардың барлығы қонақтарға түрлі әдебиеттер ұсынуда.

Көрме орталығы шағын кітапханаға айналған. Павильондар кітаптармен, сөрелерде Абайдың "Қара сөздері", Тұңғыш Президенттің идеялары мен бастамалары жазылған жинақтар, балалар әдебиеті де бар. «Кітап FEST» - те авторлар өз жұмыстарын ұсына алады, оқырмандарға айтып, қызығушылық танытқан баспалар мен кітап дүкендерін таба алады.







4) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы «Sanaly uiraq» жобалық кеңсесінің әдістемесі бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәуелсіз сараптаманы тарту мүмкіндігімен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында кездесу өткізілді.

2021 жылы 01 ақпан күні сағат 12:00-де, Халықаралық гуманитарлық-техникалық университетінің ұйымдастыруымен, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет» Шымкент қаласы бойынша департаменті «Шымкент – адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің бастауымен білім алушылармен санитарлық талапқа сай Сыбайлас жемқорлықтан азат елде өмір сүруге бағытталған патриоттық және бәсекеге қабілетті жастарды қалыптастыруға үлес қосу, құқықтық сана мен мәдениетті қалыптастыру тақырыбында кездесу өткізілді.

Кездесу барысында университетіміздің Тәрбие және әлеуметтік жұмыстары жөніндегі проректор Н.Ш.Хайдаров сөз алды: кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселенің бірі болып табылатынын, «Sanaly uiraq» ұйымдарына студенттердің тартылуын, оларға ұйымның мақсаты мен қызметін түсіндірді. «Sanaly uiraq» жобасының мақсаты және міндеттерімен таныстырды. Кедергісіз орта құруға, бірінші басшылардың жеке жауапкершілігін күшейтуге, халық үшін қолайлы жағдай жасауға және қоғамдық бақылауды күшейтуге мүмкіндік береді және негізгі функциясын түсіндірді.

Кездесу соңында Н.Ш.Хайдаров өзінің баяндамасын қорытындылап, университет білім алушыларының белсенділік танытып, бір қатар әңгіме айтып сұрақ-жауаптармен қанағаттанды.





5) 2021 жылдың 5-ақпан күні Халықаралық гуманитарлық-техникалық университетінің ұйымдастыруымен, «Елбасының жыл сайынғы жолдауына қолдау көрсету.» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстел мақсаты - Сыбайлас жемқорлықтан азат елде өмір сүруге бағытталған патриоттық және бәсекеге қабілетті жастарды қалыптастыруға үлес қосу, құқықтық сана мен мәдениетті қалыптастыру.



6) 2021 жыл 15 ақпан күні Халықаралық гуманитарлық – техникалық университетінде Дін саласындағы «деструктивті діни ағымдардың ықпалының алдын-алу» мақсатында Шымкент қаласы ішкі саясат және Жастар істері жөніндегі басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің және дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің

тапсырмасымен «Діни фанатизмнің қауіпі және оның алдын алу жолдары» тақырыбында, карантин режимін сақтай отыра кездесу өткізілді

